

DOI 10.54596/2958-0048-2023-4-78-83

ӘОЖ 37.035.6

ҒТАМА 17.09.91

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ПЕН МАКСИМ ГОРЬКИЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Шаукерова С.Н.^{1*}

^{1*}«ЛОРД дарынды балалар үшін мамандандырылған
облыстық мектеп-лицей-интернаты» КММ, Петропавл, Қазақстан Республикасы

*E-mail: shaukerova78@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада кейіпкерлердің бойындағы адамгершілік, елжандылық қасиеттерді оқушыларға оқыту арқылы дарытудың маңызы зор екені анықталды. Тұлғаның бойына адами құндылықтарын сіңірудің маңыздылығы, болашақта адам, тұлға ретінде қалыптасуына ықпалы сараланды. Бүгінгі таңда елжандылық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, жауапкершілікті сезінетін, бойында басқа да жақсы қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу заманымыздың басты талаптары екені айқындалды. Патриоттық тәрбие беруде Мағжан Жұмабаев пен Максим Горькийдің шығармаларын пайдаланудың маңызы ерекше екені сараланды.

Ақын шығармаларындағы қараңғылық пен жарық, шығыс пен батыс, ерлік пен сатқындық, өмір мен өлім қатар жүретінін көрсетеді.

Бұл тәсіл кейіпкерлердің жан дүниесінің байлығын, рухының күштілігін, басқаларды құтқарудағы ерлігін сомдап көрсетеді. Көркемдік ойлау жүйесі ассоциациялық байланыстарға, философиялық-психологиялық сипаттарға кемелдігімен үндеседі. Елжандылық қасиеті тұлғаның ұлттық-көркемдік сана-сының, жеке дамуының биік дәрежесін көруге болады.

Өмір шындығынан сыр шертетін көркем бейнелері арқылы адам, оның айналасы, ішкі тебіренісін, көркем әдебиеттегі бейнелерді сомдау тәсілдерін тану оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытады.

Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары іс-әрекеттерде көзге түсетін адамгершілік белгілері сипатталады. Шығармалардың құдіреттілігі сол – ол оқырмандарына көтеріңкі көңіл-күй, бойға рух, жанға жігер береді, жастардың қанындағы ұлттық рухты күшейтеді, отаншылдық сезімін арттырады.

Түйінді сөздер: тұлға қалыптастыру, елжандылық қасиет, құндылық, от пен жалын, көркем бейне, тәрбие көзі.

ПРОИЗВЕДЕНИЯ МАҒЖАНА ЖУМАБАЕВА И МАКСИМА ГОРЬКОГО – ИСТОЧНИК ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Шаукерова С.Н.^{1*}

^{1*}КТУ «Областная специализированная школа-лицей-интернат
для одаренных детей ЛОРД», Петропавловск, Республика Казахстан

*E-mail: shaukerova78@mail.ru

Аннотация

В данной статье освещается проблема, связанная с обучением учащихся высоким и ценным моральным качествам через героев художественных произведений. Отмечена важность привития учащимся общечеловеческих ценностей личности, которые влияют на формирование человека и личности в целом. В настоящее время главными требованиями современности являются воспитание поколения с чувством патриотизма, высоким уровнем духовного мышления, чувством ответственности. Отмечена важность использования произведений Мағжана Жұмабаева и Максима Горького в патриотическом воспитании.

Тьма и свет, восток и запад, героизм и предательство, жизнь и смерть сосуществуют в творчестве писателей. Метод сравнения показывает богатство души героев, силу и смелость. Система

художественного мышления прекрасно гармонирует с ассоциативными связями, философскими и психологическими характеристиками. Характерной чертой патриотизма можно видеть высокую степень национально-художественного сознания и личностного развития человека.

Через художественные образы описанные в произведениях появляется возможность узнать человека, его окружение, внутренние переживания. Данные способы изображения образов в художественной литературе развивают навыки логического мышления учащихся.

Сила произведений заключается в том, что они укрепляют национальный дух в молодежи и повышают чувство патриотизма.

Ключевые слова: формирование личности, патриотизм, ценность, огонь и пламя, художественный образ, источник воспитания.

THE WORKS OF MAGZHAN ZHUMABAYEV AND MAXIM GORKY – A SOURCE OF PATRIOTIC UPBRINGING

Shaukerova S.N.^{1*}

¹*KGU «Regional specialized boarding school lyceum for gifted children, LORD»,
Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan*

**E-mail: shaukerova78@mail.ru*

Abstract

This article addresses the issue of educating students about high and valuable moral qualities through the heroes portrayed in literary works. It highlights the importance of instilling universal personal values in students, values that significantly influence the formation of an individual's character and personality as a whole. Presently, the primary requirements of modern education involve nurturing a generation with a sense of patriotism, a high level of spiritual thinking, and a strong sense of responsibility.

The significance of utilizing the works of Magzhan Zhumabayev and Maxim Gorky in patriotic education is underscored. Darkness and light, East and West, heroism and betrayal, life and death coexist within the creativity of these writers. The comparative method reveals the richness of the heroes' souls, their strength, and courage.

The artistic thinking system harmonizes well with associative connections, philosophical, and psychological characteristics. A distinctive feature of patriotism lies in observing a high degree of national-artistic consciousness and personal development in individuals. Through the artistic images depicted in these works, there emerges an opportunity to understand individuals, their environment, and their inner experiences. These methods of portraying characters in literary literature enhance students' logical thinking skills. The power of these works lies in their ability to strengthen the national spirit in youth and elevate the sense of patriotism.

Key words: personality formation, patriotism, value, fire and flame, artistic image, source of education.

Кіріспе

«Патриотизм» сөзі (грек тілінде – patriots – отандас, paths - отан, атамекен) Отанға деген сүйіспеншілікті, оған адалдықты, өз іс-әрекеттерімен оның мүдделеріне қызмет етуге ұмтылысты, сондай-ақ, туған жеріне, тұрақтаған мекеніне бауыр басушылықты білдіреді [1].

Патриотизм мен отаншылдықты қалыптастыруда көркем бейнелердің алатын орны ерекше. Символист ақын Мағжан Жұмабаев пен Максим Горькийдің шығармаларында символдар арқылы жеткізуге мүмкіндік беретін ой азаттығымен қатар патриоттық тәрбие үндестігі бар.

Олар ұлттың шынайы руханияты болды, шығармаларымен, өнегелі істерімен халыққа белсене қызмет етіп, патриоттық тәрбие мектебінің үлгісіне айналды.

Максим Горький «Жұртын сүйген жүрек» атты романтикалық шығармасында адамзат үшін құрбандық жолындағы еркін әрекетті көрсетсе, Мағжан Жұмабаев «От» өлеңінде ой азаттығын көрсеткен.

*Қараңғылық – дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай заулап ұшқанмын,
Әлпіге барғам Алтайдан.*

От – құдіретті, киелі. Оттың құдіретті күшіне табыну ертеден басталған. Әр халықта отқа байланысты өз салт-дәстүрлері, ырымдары, тыйым сөздері бар. Отпен аластау, отқа май құйғызу сияқты.

Мағжан Жұмабаев пен Максим Горькийдің шығармаларында от символын алсақ, жақсылық Шығыстан жаңған жарық сәулемен келетініне сенімін, туған жерге деген махаббатын, патриотизмін көруге болады. Олар халқының бойындағы биік рухқа сенді, оның болашақ тағдыры, еркіндік туралы армандады.

Екеуінің де мақсаты – осы армандарын халқына жеткізу, оны ояту. Осы екі реалист ақынның шығармалары сыршылдығымен ерекшеленеді. Мағжан өлеңіндегі от сөзі, отқа өзін теңеуі, сөзінің де от, өзінің де от екенін оның рухты ақын екендігін айғақтап тұр. Бойындағы жігері, қайнап жатқан қаны, бұлқынысы - бәрі де «От» өлеңінің мәні, мағынасы. Кейбір ақындар заманның ағымына қарай жазып жатқанда, түсініксіз от, түрікшілдікті қозғаған ақынның өмірі, әрине қиындық туғызды. Қиындық туғызып қана қойған жоқ, сонымен қатар, өлім жазасына кесілді. Ақын жаны елі үшін құрбан болды. Заман өте келе, қарайған ағарды, әділдіктің ақ туы аспанға көтерілді. Ақ түйенің қарны жарылды. Түрікті, түрік дүниесін сүйгені үшін кете барған ақын мұрасы қайта жаңғырды.

Зерттеу әдістері

Мағжан Жұмабаев пен Максим Горькийдің Отан, туған жер, елжандылық тақырыбындағы шығармаларындағы көркем бейнелерде тарихымыздағы халықты «қараңғы түнектен» алып шығуда жанын құрбан еткен ұлы тұлғалармен ұқсастық көп. Олар жаңа ғасырдағы жаңа бейнелер. Мысалы, Данконың бейнесі Иса пайғамбарды, ал Мағжандағы кейіпкер Махамбетті еске түсіреді. Әрине бұл кейіпкерлердің бейнелері символ ретінде берілген. Олардың өздерінің өмірлік ұстанымы үшін көрсеткен ерлігі мен жанкештілігі кімге болса да үлгі.

Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес. Адамгершілік - адамшылық, каталдықпен салыстырғанда жақсылық тілеу қарым-қатынастары [1]. «От» өлеңіндегі бейне ұлы ағартушыларымыз сияқты, халықты қараңғылықтан алып шығуда тырысты. Әрине, шығармаларда асыра сілтеу де аз емес. Әдеби көркемдеуіш тәсілдер бейнені әсерлі ету үшін тиімді пайдаланылған. «Данко кеудесінен жүрегін жұлып алып, қараңғы түнекті жалынды отпен жарқыратып халқына жол көрсетеді».

Шығармаларда жанкешті бейнелермен қоса «кішкентай адам» бейнесі берілген. Бұл адам бойындағы қорқыныш пен қоғамдағы сатқындық атты зұлымдық символы деуге болады. Адамдардың өздерін құтқарған Данконың өлімін байқамауы да қатігездікті көрсетеді.

Шығармаларда қараңғылық пен жарық, шығыс пен батыс, ерлік пен сатқындық, өмір мен өлім қатар жүреді. Бұл тәсіл кейіпкерлердің жан дүниесінің байлығын, рухының күштілігін, басқаларды құтқарудағы ерлігін сомдап көрсетеді.

От бейнесі образды әсерлі ету үшін.

Горькийде:	Мағжанда:
<i>В его очах засверкали лучи того могучего огня.... Сердце его пылало так ярко, как солнце и ярче солнца....</i>	<i>Күннен туған баламын, Жарқыраймын, жанамын. Күнге ғана бағынам, Өзім-күнмін, өзім –от</i>

Данконның жүрегі жарқ етіп сөніп қалды, оның оты тек ормандағы қараңғылықты емес, адам санасындағы қараңғылықты да жарықтандырды. Міне, сондықтан Горький Данконның шынайы сезімін, ниетін от, жалынды жүрек, күн сәулесі арқылы жеткізеді. Ал шынай өмірде Мағжанның жалынды поэзиясына жылдар бойы тыйым салынып, түптің түбінде өз оқырманына жетті.

Горькийдің шығармасын оқығанда өздігінен Мағжанның «От» өлеңіндегі бейне көз алдына келеді. Образдардың үндестігі – екеуі де от пен күннің қасиетін көрсетеді. Олардың ұлы мұраты – азаттық, сол азаттық үшін құрбандық [2].

Көркемдік ойлау жүйесі ассоциациялық байланыстарға, философиялық-психологиялық сипаттарға кемелдігімен үндеседі. Елжандылық қасиеті тұлғаның ұлттық-көркемдік санасының, жеке дамуының биік дәрежесін көруге болады. Шығармаларды көркем бейнелер тарапынан қарастырсақ, олардың ниетін, көңіл-күйін, жалғыз-ақ мақсатын байқауға болады – ол халқын ұйқыдан ояту [1]. Олар өз уақытын күткендей, себебі көтерген мәселелер халықпен бірге жасайтын, ішкі жан дүниесінен сыр шертетін мәңгі бейнелердің әрекетінде ашылған. Өмір шындығынан сыр шертетін көркем бейнелері арқылы адам, оның айналасы, ішкі тебіренісін, көркем әдебиеттегі бейнелерді сомдау тәсілдерін тану оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамытады [3].

Зерттеу нәтижелері

Мағжан Жұмабаев «От» өлеңінде өршіл ақынды ұлтымыздың, жұртымыздың тағдыры, болашағы қатты толғандырады. Өлең тақырыбы – қазақ халқының рухын ояту. Өлең мақсаты сол үмітті, сол тілекті өз халқына жеткізу.

Горькийде	Мағжанда
<i>Данко кеудесінен жүрегін жұлып алып, қараңғы түнекті жалынды отпен жарқыратып халқына жол көрсетеді.</i>	<i>Ақын ой азаттығымен, қорықпай, қараңғы түнекті жалынды поэзиясымен жарқыратып халқына жол көрсетеді.</i>

Максим Горькийдің «Жұртын сүйген жүрек» әңгімесінде Данко өмірді, жақындарын, халқын отанын сүйе білген адам ғана ерлік жасай алады. Данконның жүрегі тек «адамдарды алып шықсам...» деп соқты [3].

Дегенмен, ойлары мұнымен шектелмейді. Бір ұлттың өз халқының мүддесін ойлаумен ғана қалып қоймайды. Ақындардың азаматтық парасатынан туындаған арман-мақсаттар бұдан әлдеқайда биік.

«ОТ» пен «ЖАЛЫН»

- ✓ қалыпты жүрек символы,
- ✓ өтірікке, сауатсыздыққа, өлімге қарсы тұратын шындық пен білім бейнесі,
- ✓ Зұлымдыққа қарсы тұратын күш,
- ✓ шексіз махаббат, ісіне адалдық.

Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік

белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рахымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық [1].

Ақынның «От» өлеңіне талдау жасасак:

Мағжанның дауылдай күшті, толқындай асау поэзиясы әр дыбыс, сөзі, сөз оралымы ғажайып қимылға ие. Мысалы, кеңістікке қатысты *«отты желдей», «заулаған», «аспанға өрлей», «көкке асқан»* және т.с.с. сөз, тіркесімдер яғни фразеологиялық оралымдар. Түркі халқының көне аңыздарындағы Рух – көк тәңірімен тығыз байланысты. *«От - сен, Тәңірім, табынам!»* - деп, адам рухының биік мақсаттарға ұмтылысын көк аспанмен байланысты екенін көрсетеді [2]. *«Күннен туған баламын, жарқыраймын жанамын!»* - деп, әр ұлт ұйымдасып жатқанда Көктәңірі алтын жарық секілді: *«Жерде жалғыз тәңірі – от»*. Жер бетіне бір мезет аялдап, ол ұлтты өз рухының құдіретімен Құтқа бөлеп кетеді екен [2].

Мағжан нені айтса да көркемдік мақсатқа бағындырып, гүлдендіріп, төгілдіріп, нөсерлетіп, түп тамырынан қозғап, қызықты толғайды

Рухты тұлғасы да, жүрегі де, сезімі де отты, қиялы биік, аспандағы жұлдыздардан поэзиялық сыр ұғатын сезімтал, екпінді желдей жігерлі, әрі сөзді шебер қолданып, көркемдік сұлулығын ғажайып интуициясымен безбендейтін, ойлау, жазу мәдениетіне жетік, мәтіннің жүйелілігін, тұтастығын, байланысын, композициясын оймақтай ғып, жинақы етіп әсерлендіріп бере білген, шырқау рухани кемелдікке көтерілген, лирикалық поэзияның көркемдік шарттарын ғұламалық зердемен қабылдаған Мағжанның «От» дейтін жыры бір мезетте, бір деммен жазылған. Өйткені, мөп-мөлдір, тап-таза келісті он түйдек мөлгілдеген меруерттей боп түскен. Әр түйдегі – 8 жол. «От» сөзі жиырма рет қайталанады. Ырғағы да, ұйқасы да келісіммен өрілген [3]. Жырдың қуаты, мазмұны, рухани кеңістігі шексіз. Оған:

*Жүрегім де, жаным да – от, –
Иманым да арым да – от – дегені айғақ.
Ғұн заманының қаһармандары хақында:
Заулап, өрлеп аспанға,
Әлтіден әрі асқанда,
Отты Аттила, Баламер
Мен едім – дейді [3].*

Сондықтан да осы бір ақындық сезімі ішкі мазмұнында бір құпия сыр бардай. Барша түркі руханияты кеңістігінде Мағжан әлемі: сиқырлы күші, шеберлік әсері, сұлулық үндестігі, түрлі сипатты философиясы, ерекше стилистикасы, әр дыбысына ұялаған қуаты, өзіндік дәстүрі бар.

Мағжанның «От» өлеңін оқығанда оның кім және не үшін өмір сүретінін және өршіл ақынды ұлтымыздың, жұртымыздың тағдыры, болашағы қатты толғандыратынын анық көрсек, Данконың бейнесі күрделі және жан-жақты. Шығарманы мұқият оқығанда бір жақты пікір айту қиын. Горький қарама-қарсы түрлі толғаныс қанат жаюына жағдай жасайды. Қайшылыққа толы күрделілікті көрсету; ол айқастың шешілуі, не шешілмеуі де емес, шешімге жетудің соншалық ауыртпалығына баса көңіл бөлу. *Қалай және кім үшін өмір сүреді?* деген сұраққа жауап іздеу жұмысты әрі қарай жалғастыруды талап етеді. Міне шығармалардың осы қасиеттері кез келген адамға ой салады. Олай болса, елжандылық деген жалпыадамзаттық құндылықтар қай кезде болса да ортақ.

Қорытынды

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен

өңіріне, яғни туған жеріне деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті, елжанды ұрпақ тәрбиелеу ісінде, Мағжан өлеңдері мен Максим Горькийдің шығармаларын пайдаланудың маңыздылығы сөзсіз. Шығармалардың күдіреттілігі сол – ол оқырмандарына көтеріңкі көңіл-күй, бойға рух, жанға жігер береді, жастардың қанындағы ұлттық рухты күшейтеді, отаншылдық сезімін арттырады. Оларды жаужүрек батырлыққа елін, жерін сүйуге тәрбиелейді, өлеңдерін жастарды тәрбиелейтін құралы ретінде пайдалану керектігі содан.

Қазіргі заманда да батырлар аз емес. Асқан ерліктің – ізгі тәрбиеден, озық өнегеден, ұлттық дәстүден бастау алады.

Осындай тәрбиелік мәні бар шығармалармен танысып өскен буын жалпы адами құндылықтарды жете түсінеді, бойларында адамгершілік қасиеттердісөзсіз сақтайды.

Әдебиет:

1. Қанарбаева Б. Мағжан символист: Зерттеу. - Алматы: «Экономика», 2007. - 288 б.
2. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. - Алматы: «Полиграфия», 2006. – 66 б.
3. Жұмабаев М. Көп томды шығармалар жинағы. - Алматы: «Жазушы» 2002. – 260 б.
4. М. Горький. Избранные сочинения. - М.: Художественная литература, 1986. - С. 20-130.
5. Ханов В.А. Рассказ М. Горького «Старуха Изергиль»: культурологические аспекты // «Русская словесность». - 2003. - № 4.

References:

1. Kanarbaeva B. Magzhan Symbolist: Research. - Almaty: "Economics", 2007. – p.288
2. Zhumabayev M. Poetry, prose and literary studies. - Almaty: "Polygraphia", 2006. - 66 p.
3. Zhumabayev M. Multivolume collection of essays. - Almaty: "Zhazushi", 2002. - 260 p.
4. M. Gorky. Selected compositions. - M.: Khudozhestvennaya literatura, 1986. - S. 20-130.
5. Hanov V.A. Narrator M. Gorky "Old Woman Izergil": cultural aspects // "Russian Literature". - 2003. - No. 4.